

АКАДЕМИК ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРІНЕ ЖҮРГІЗГЕН ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Байгужинов А.С., МИГ-21 тобының магистранты;
Муканова. А.Н., тар.ғ.к., доцент, жетекші;
Сакенова А., МИГ-11 тобының магистранты
Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Қарағанды қ. Қазақстан Республикасы

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Арқаның сұлу төрінің бірі-(бұрынғы Семей губерниясының Павлодар уезіндегі Ақкелін болысының 4-ші ауылында) қазіргі Павлодар облысының, Баянауыл ауданының ҚИ.Сәтбаев атындағы совхозында 1899 жылдың 30 наурызында (12 сәуір) Сәтбаевтардың үлгілі — өнегелі ауылында дүниеге келді.

Қаныштың жерлесі әрі досы Әлкей Хақанұлының мәліметтері бойынша, революциядан (1917ж.) бұрынғы қыр қазақтары арасында Сәтбаевтардан көп оқыған ауыл болған емес. «Қаныштың әкесі Имантай — ақылды, момын, терең ойлайтын, әр нәрсені ақылмен, сабырмен шешетін кісі болатын...» [1, 38].

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» демекші, табиғатынан зерек Қаныш 1909-1911 жылдары өзінің туған ауылындағы орыс — қазақ мектебінде оқып, 1918 жылы Семей қаласындағы оқытушылар семинариясын бітіреді. Одан кейінгі бірер жыл Семей қаласында, өз ауылында мұғалімдік қызмет атқарып, 1920-1921 жылдары Баянауыл ауданындағы 10-шы учаскесінің халық соты болды.[1,39].

1921 жылы жазда Қаныш Имантайұлы Баянауылға емделуге келген сол кездегі Сібір өңірінің ірі, мәдени орталығы Томск қаласының технология институтының профессоры (кейін академик болған) Михаил Антонович Усовпен танысады. Қанышқа М.А.Усов Қазақстанның геологиясы мен тау-кен байлықтары туралы көптеген қызықты әңгімелер айтады.

Өзі өмірден озғанша ұстаз санаған профессор М.А.Усовтың ықпалымен 1921 жылы Қаныш Имантайұлы Томск технология институтының кен факультетінің геологиялық барлау бөліміне оқуға түседі.

Қаныш Имантайұлы студент болған жылдарда профессор М.А.Усов басқарған палеонтология және тарихи геология кафедрасының оқытушысы болған В.А.Хохлов (кейін ғылым докторы, профессор) «Студент Қаныш» атты естелігінде былай деп жазды: «Бұл өзі оқуға жан-тәнімен берілген студент болатын. Жалпы геология жөніндегі сабақтарда ол М.А.Усовтың тамаша лекцияларын құмарта тыңдады... Екінші курстан кейін ол М.А.Усовтың дала жұмыстарына қатысты...»[1,40].

Институтты бітіргеннен кейін Қ.И.Сәтбаев өзінің туған еліне оралып, өмірінің басым көпшілігін оның геологиясын зерттеуге және туған өлкесінің минералдық шикізат негізін жасауға арнап, барлау, ғылыми ізденістерінің нәтижесін өндіріске енгізуге, республикамызда индустрия алыптарын салуға зор үлес қосты.

Мұхтар Әуезовтың есетліктеріне қарасақ «1926 жылдан санағанда, табандай 15 жыл бойында Жезқазған ауданының барлық кен байлығын зерттейді. Тәжірибесі өсіп, мемлекеттік ұлы шаруаны ойдағыдай басқаратын енерпаз болумен қатар, Қаныш сол жылдардың өзінде де қазақ халқынан шыққан жас инженер геологтарды баулып, өсіре жүреді.

Үлкен талантпен қанаттанған талабының жемісі өз республикасына да және Ұлы Отан көлемінде де таныла бастайды. Қызықты еңбегі еркештеніп, Қаныш атын мол жұртшылыққа даңқтандырады.

Жік салмай, желісін үзбей, 15 жыл бойы оның зер салғаны бір мұрат еді. Сол ұзақ 15 жыл бойында бар еңбек, қайратын, барлық жиған білім құралын, бар өмірін бір ғана жеңге жұмсады. Жұмсады да жеңіп шықты, жетіп шықты.

Бұрынғы көшпелі ел жайлаған далада, Сарыарқада, тек киіз үйді ауылдар ғана мезгіл-мезгіл кезіп өтіп жүрген бір түкпірге зер салған. Сол жерден әлем білмеген байлық табамын деген еді. Қарсақбай, Жезқазғанды жалдамаға алып, ез меншігі еткен шетел байлары 1916—1917 жылдарда, жездің молдығын «пәлендей» деп, бір меже қойған Жабыса жалмағаны жез еді. Бірақ алғаны аз, тапқаны тамтық екен. 1917 жылы өзі де кетті.

Сол Жезқазғанда 1926 жылы қызу жұмыс басталады. Сарыарқаның өз баласы, беті-жүзі келбетті, жас шырайда жарқыраған көркі бар, білім-сана нұры бар, жиырма жеті жасқа келген жігіт келді. Аз тобымен іске кірісті[2].

Сәтбаевтың Жезқазған аумағын зерттей келее осындай пікір жазады «Кенестер Одағындағы мыс кені мол негізгі аудандардың ең бай және қорының ең көп жері Жезқазған. 1935 жылы қаңтардың 1-дегі есеп бойынша Қоңыратта 2140 мың тонна, Дегтяркаде 1510 мың тонна мыс қоры болса, Жезқазғанда сол есеп бойынша 3230 мың тонна мыс бар, оның ішінде зерттелген мыс – 1330 мың тонна.

Жезқазғанның бұл толық зерттелген запасы 980 скважинаның мәліметі бойынша есептелген, бір скважинаға 2400 шаршы метрдей жер тура келеді, орташа есеппен рудалы жерден 85-90 пайыз шамасы руда шығады. Бұл мәліметтер Жезқазғанның мыс кенінің басқа жерлердегіден мол екенін көрсетеді. Мыс кені мұндай көп болу үстіне Жезқазған кен зерттеу жөнінен де басқа жерлерден анағұрлым пайдалы. Бірінші бесжылдықтың ішінде Жезқазғанда кен зерттеуге жұмсалған шығын толық зерттелген мыстың әрбір тоннасына болғаны 4 сом 50 тиыннан ғана келеді. Кенестер Одағындағы мыс кені мол негізгі аудандардың ең бай және қорының ең көп жері Жезқазған. 1935 жылы қаңтардың 1-дегі есеп бойынша Қоңыратта 2140 мың тонна, Дегтяркаде 1510 мың тонна мыс қоры болса, Жезқазғанда сол есеп бойынша 3230 мың тонна мыс бар, оның ішінде зерттелген мыс – 1330 мың тонна.

Жезқазғанның бұл толық зерттелген запасы 980 скважинаның мәліметі бойынша есептелген, бір скважинаға 2400 шаршы метрдей жер тура келеді, орташа есеппен рудалы жерден 85-90 пайыз шамасы руда шығады. Бұл мәліметтер Жезқазғанның мыс кенінің басқа жерлердегіден мол екенін көрсетеді. Мыс кені мұндай көп болу үстіне Жезқазған кен зерттеу жөнінен де басқа жерлерден анағұрлым пайдалы. Бірінші бесжылдықтың ішінде Жезқазғанда кен зерттеуге жұмсалған шығын толық зерттелген мыстың әрбір тоннасына болғаны 4 сом 50 тиыннан ғана келеді.

Жезқазған рудасы таза руданың санына қосылады. Жезқазған рудасында қорғасын, мырыш, алтын, күміс өте аз, мышьяк, висмут және басқа мысқа зиянды қосымшалар жоқтың қасы. Мұның арқасында Жезқазған рудасын оншама көп шығын шығармай және оңай айырып, нағыз жақсы қара мыс алуға болады»- деп өз еңбегінде жазады.

Жезқазған рудасы таза руданың санына қосылады. Жезқазған рудасында қорғасын, мырыш, алтын, күміс өте аз, мышьяк, висмут және басқа мысқа зиянды қосымшалар жоқтың қасы. Мұның арқасында Жезқазған рудасын оншама көп шығын шығармай және оңай айырып, нағыз жақсы қара мыс алуға болады.

Еңсесін салған еңбекпен жыл етті... Жігіт есіп, жігіт ағасы бола бастады. Жым-жырт жатқан Жезқазған сол жаңа жылдардың ішінде қайта туа бастады. Жаңа жастық тапқандай. Оны көп жерде, көп жан білуге айналады. Бес жыл деген бір бел еді, ол өткен. Сол кезеңге келгенде, шетел байлары мен мамандары межелеген кен байлығы мұнда қалды. Жігіт еңбегі жеңіп келеді екен. Алдыңғылар айтқан мелшерден отыз есе артық кен орын тауыпты. Тапқанын тығып жатқан жоқ, бар Одаққа даңқ етіп білдіре түсіп, іздеп жатты. Іздегенін ізерлеп, ғылымдық еңбек етіп жазып та жатты. Үздіксіз еңбек үстінде жігіт есіп, ер-азамат болды. Тағы бес жыл кеткен еді [3, 45].

Ол 1920-1930-шы жылдары кең көлемді барлау жұмыстарына басшылық жасап, оларға тікелей қатынасуымен бірге Жезқазған-Ұлытау, Қарсақпай, Қаратау полиметалл кендері жөнінде іргелі ғылыми еңбектер жазды.

1926-1941 жылдары Атбасар, Қарсақпай трестерінде геологиялық бөлімінің жетекшісі және бас геолог болған Қаныш Имантай ұлы Жезқазғанның одақтағы ірі мыс рудалары бай аудандар қатарына жататынын бұлжытпай дәлелдеп, минералды шикізаттарға бай Сарыарқа, Кенді Алтай сияқты аймақтарға ерекше назар аударды.

Академик КИ.Сәтбаевтың көп қырлы талантының жарқын көрінісі — ол, ғылыми жұмыстардың ұлы ұйымдастырушысы болды. Оның халқына мұраға қалдырған қазынасы — іргесін өзі қалаған, ғылым ордасы Қазақстанның Ұлттық Ғылым академиясы болып табылады.

«Қазірде Жезқазғанның үлкен металлургия заводы орнаған жер, бұрын Наушабай деп аталатыны. Менің бір есімде қалған ұмытпасам 1936 жыл еді. Жаздың күнінде осы Наушабай бойында жеті үй отырды. Олар Әубәкір, Әлім, Әбдірахым, Байсымақ, Балғынбай мен Сәмет және Жәнділәннің үйі еді. Шаңқай түс-тің кезінде осы ауылға үстіне шатыр тіккен бір машина келді. Мұның ішінде отырғандар сол кезде кен-зерттеу жұмысын қызу жүргізіп жатқан геолог Қаныш Сәтбаев, Саид Сейфуллин мен Василий Штифановтар еді.

Ауыл адамдары бұрын көрмеген, әрі машинамен келген адамдарға таңырқасып қалды. Қаныштың кішіпейілділігі қандай, машинадан түскен бойда жағалай жүріп үлкен демей, кіші демей ауыл адамдарының бәрінің қолын алып амандасты, жөн-жоспарларын сұрап қанды.

Оның сұңғақ денесі, қыран көзіндей отты жанары, аққұба әдемі бейнесі, сыпайы сынық сөздері ауыл адамдарын ерітіп-ақ жіберді. Бірден шүйіркелесе кеткен кісіні кім сыртқа тебеді.

Әбекен қария:

– Шырағым, әлпетіңе қарасам, Қанышсың-ау деймін (өйткені, жұрт Қанышты осындай адам деуші еді). Аманбысың, шырағым. Біз қариялар, мына бала-шағаның бәрі сендерден үлкен жақсылық күтудеміз ғой, – деді.

Қаныш қарияға өзінің Қаныш екендігін білдіруден бастап, әлденеше дәмді сөздер айтты. Ауыл геологтарға қонақасы беріп, сый көрсетіп жатты. Үлкені бар, кішісі бар, ауыл адамдары геологтармен бірге бір үйде отырды.

Геологтар тапқан кендерін, Жезқазған даласында алдағы уақытта табылатын әлі де көптеген кен байлықтары көп екенін әңгімеледі».

1926-1929 жылдары кені мардымсыз өңір болып саналған Жезқазғанды ірі мыс кентасты аудан қатарына көтеруде Сәтбаевтың еңбегі өте зор болды. Бұрынғы геологиялық деректерге терең талдау жасап, бұл кен ауданының кең көлемдегі геологиялық-барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі нысан екенін дәлелдеген. Минералдық шикізаттарға бай Сарыарқа, Кенді Алтай және басқа да аймақтарды ерекше назар аударып зерттеген. 1927-1928 жылдары – Жезқазған, Қарсақбай, Атбасар, Спасск аудандары, Қарағанды тас көмір алабы және Қаратау полиметалл кендері жөнінде ғылыми маңызды еңбектер жариялаған. 1929 жылы Атасу темір-марганец кендерін игерудің негізінде Қарағанды облысында қара металлургия өнеркәсібін дамыту туралы мәселе көтерген. Жезқазған – Ұлытау ауданында мыстан басқа темір, марганец, көмір, қорғасын кендерін ашып, барлау нәтижесінде маңызды геологиялық қорытындылар жасаған. Ұлы Отан соғысы жылдарында танк бронын құюға қажет марганец тапшылығы туған кезде Сәтбаевтың жетекшілік етуімен өте қысқа мерзімде Жезді марганец кені барланып, іске қосылған [5,134 б] .

Қарсақбайда жұмыстар басталған жылы Томск институтын бітіріп, мыс кеніне бай өлкеге жас геолог Қаныш Сәтбаев келеді. Оның басшылығымен Қарсақбай Жезқазған аймағының геологиялық-барлау орталығы болып қалыптасады. Сәтбаевтың арқасында Жезқазған өлкесінің келешегі зор екені айқындалды. 1927 жылы жариялаған «Қарсақбай ауданы және оның перспективалары» атты алғашқы ғылыми мақаласында Қаныш Имантайұлы былай деп жазған: «Жезқазған әлемдегі ең бай деген провинциялардың бірі ретінде болатыны хақ, тіпті ол болашақта Америкадағы мыс өлкелерінен де асып түседі».

Кен орнының келешегіне күмәнді қараған мамандар тарапынан туындаған қиыншылықтар мен кедергілерге қарамастан Қаныш Сәтбаев жылдан-жылға геологиялық барлау ісін ұлғайта түсті. Ал минералды шикізатпен молынан қамтылған Қарсақбай зауыты қуат алып, күш жинай бастады. Кішігірім екі шахта кен бере бастады, шағын станция жұмыс істеп тұрды, бірнеше тұрғын үйлер мен өндірістік нысандар салынды. Кішігірім жұмысшылар қалашығы пайда болды. Осының барлығы да екі-үш жылдың ішінде атқарылған жұмыс.

1928 жылдың 16 қыркүйегінде салтанатты түрде шарпыма пеш тұтандырылды, алодан соң бір айдан кейін –1928 жылдың 19 қазанында (23:00-де) – Қарсақбайдың ең алғашқы қара мысы алынды. Қазақстандық мыстың тарихы сол күннен бастап бастау алады. Ол кезде Қарсақбай зауыты жылына 5000 тонна қарасы мыс шығаруға есептелген болатын [3, 89 б].

1929-1938. Қарсақбай кен байыту фабрикасы пайдалануға берілді. Қарсақбай тау-кен металлургиялық техникумы ашылды. Мәскеуде Үлкен Жезқазған құрылысындағы проблемаларды қараған КСРО Ғылым академиясының сессиясы болып өтті. Нілді-Жезқазған темір жолы пайдалануға берілді. Қарсақбай мыс зауыты соғысқа өнімдер шығаруға қайта бағдарланған. Қорғаныс өнеркәсібі үшін марганец кенін өндіріп шығаруға Жезді марганец басқармасы құрылды. Ұлы Отан соғысы жылдары Жезқазғанда кен өндіріп шығару мен Қарсақбайда мыс балқыту бірнеше есе артты. 1944 жылдың тамыз айында Үлкен Жезқазған жобасын салу үшін «Казмедьстрой» тресті ұйымдастырылды.

Жезқазғанның меттрургияның орталығы болуын, үлес қосқан ғалым Қаныш Сәтбаев болатын. Ол өзінің геологиялық срапатта барасында, жезқазған аумағында жездің қоры бұрынғы көрсетілген көлемнен әлде қайда көп екенін дәлелдей алды.

Сәтбаевтің басшылығымен жүргізілген комплексті зерттеулердің нәтижесінде Жезқазғанның ақықат қоры бұрынғы белгілі өндірістік қорының 2,5 есе көп екені анықталды. Еліміздегі мысты құм тас кендеріне және руда белгілеріне өндірістік-экономикалық баға берілгенде негізгі критерийлер ретінде енді Жезқазғанның руда бақылаушы факторлары жөніндегі Сәтбаевтің қағидалары негізге алынатын болады.Болашағы ғылыми тұрғыдан аса тыңғылықты негізделген, дүние жүзіндегі аса ірі мыс кендерінің бірі салынатын Жезқазғанда салынған мыс балқыту комбинаты түсті металлургияның СССР-дағы аса ірі кәсіпорындарының біріне айналды.

Қ.И.Сәтбаев минералдық шикізаттарға бай Сарыарқа, Кенді Алтай сияқты аймақтарға ерекше назар аударар зерттеді. 1927-28 ж Жезқазған, Қарсақбай, Атбасар, Спасск аудандары, Қарағанды таскөмір бассейні және Қаратау полиметалл кендері жөніндегі ғылыми маңызды еңбектері жарияланды. 1929 ж Жезқазған, Ұлытау ауданында Сәтбаев мыстан басқа темір (Қарсақбай) марганец (Жезді) көмір (Байқоңыр, Қияқты) қорғасын (Қорғасын) кендерін ашып барлады. Осы ауданның рудалары кендерінің стратиграфиясы, тектоникасы, құрылысы, металлогениясы, геохимиясы және шығу тегі туралы маңызды ірі қорытындылар жасады. 1940 ж Жезқазған-Ұлытау ауданында жүргізген аса маңызды геологиялық зерттеулеріндегі көрнекті ғылыми жетістіктері үшін Сәтбаевқа ресми диссертация қорғаусыз-ақ геолог. Минерал. Ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілді. Ұлы Отан соғысы жылдары Сәтбаев Қазақстан өндірісін стратегиялық шикізатпен қамтамасыз ету ісіне көп күш салды. Ірі Никополь марганец кенінің неміс басқыншылары уақытша басып алған ауданда қалуы, Чиатура марганец кенінің қар металлургия орталықтарынан үзіліп қалуы т.б жағдайлар елімізде танк броняның құюға аса қажет марганецке тапшылық туғызды. Міне, осындай өте қиын кезінде Сәтбаевтың тікелей жетекшілігімен және қатысуымен Жезді марганец кені ашылды және өте қысқа мерзім ішінде барланып, іске қосылды. Сөйтіп Оралдың қара металлургиясы жеткілікті мөлшерде марганец пен қамтамасыз етіледі.

Сәтбаевтың басшылығымен жүзеге асырылған маңызды шаралардың бірі-Қазақстан экономикалық аудандарының өндіргіш күштерін зерттеу және игеруге бағытталған Қаз. ССР көшпелі сессияларының өтуі. Мұндай сессиялар Алтайда, Солтүстік, Батыс, Оңтүстік және орталық Қазақстанда өткізілді. Бұл мәжілістерге өндірістегі мамандар кенінен қатыстырылған. Ондағы мақсат-ғылым техниканың ынтымағын, тығыз байланысын күшейту. Бір жағынан ғылымның ең соңғы жетістіктерін өндіріс тәжірибесіне енгізу болса, екінші жағынан өндірістің аса бай практикалық тәжірибесін, жиналған, тәжірибеден тексерілген даусыз деректерді жинақтап, қорытындылап, терең анализ жасау, ең әрісі, тіпті даусыз ақиқат деп саналып жүрген теориялық қағидаларының өзіне тиісті түзетулер енгізуге көзделетін. Сәтбаевтың қолдауымен 1948 жылы Алматы Орта Азия геофизика тресі ұйымдастырылды [4, 156].

Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырып, ондағы бөлімдерді, оған қарайтын институттарды, зертханаларды, секторларды, базаларды дұрыс жоспарлаған. Ғылыми кадрлар дайындау ісіне үлкен жауапкершілікпен қараған. Ғылыми зерттеулердің өзекті мәселелерін халық шаруашылығының мүддесіне бағыттап, шаруашылық және мәдени құрылыстың басты мәселелерін шешуге белсене қатысқан. Жезқазған кен-металлургия комбинатын, Қарағанды мен Балқаш металлургия зауыттарын, Ертіс-Қарағанды арнасын салу, Маңғыстау, Мұғалжар, Торғай өңірлерінің табиғи байлықтарын анықтау жөнінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, республикамыздың ірі минералдық шикізат қорларын – Кенді Алтайды, Қаратау фосфоритін Қостанай мен Жезқазған – Ұлытау өңірлеріндегі темір, марганец, т.б. көптеген кен орындарын игеру Сәтбаев есімімен тығыз байланысты.

Қаныш жалғыз жезді зерттеп келген жоқ, сол 15 жыл ішінде Арқаның Жезқазған, Қарсақбай атты атырабында талай да талай басқа қазына да ашты. Сол елкеден Байқоңырдай, Қияқтыдай көмірді өзі тапты. Еспедей, елеусіз жерден есілген тағы талай қазына ошағын тапты. Қалың қатпар қорғасын мен күміс тапты. Болар заводқа мол қор болардай қара темір, марганец кенін ашты. Үй, дүкен салар тасты, топырақты заттың асылын, тағы талай бұйым тапты. Мыс қорытқанда қоспа боп, себеі тиетін тағы бірнеше қосымша кен затын тапты. Алтын мен молибден де бұғып қалған жоқ. Оны да ашты.

1940 жылы Отаны ер еңбегін бағалап, Қанышқа Одақтың ең жоғарғы сыйы - Ленин орденін берді. 1942 жылы бүкіл Отандағы білгіштердің ғылымдық табыстарын бағалаған қорытынды болып еді. Сонда «Жезқазғанның мыс кендері» деген кітабы үшін Қанышқа мемлекеттік сыйлық бұйырылып, лауреат атағы берілді. 1943 жылы Совет Одағының зор ғылым ордасы - Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі деген үлкен ғылымды атақ тағы алды [6, 233].

Әдебиеттер

1. Медеу Сәрсек. ЖЗЛ. Сәтпаев. Москва, Молодая гвардия, 2003 жыл, ISBN 5-235-02625-X
2. <http://satpaev.psu.kz/>
3. Назарбаев Н.А. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. - 271-б.
4. Сагадиев К. Экономика Казахстана: очерк актуальных проблем.
5. Берденов К.А. Экономическая история Казахстана: Учеб. пособие. - Алматы: Экономика, 2000. - 236 с.
6. Сатпаев К.И. Наука Советского Казахстана: 1920-1960 / ред.. - Алма-Ата : Изд-во АН КазССР, 1960. -